G52-17921XD

msi®

Ноутбук пайдаланушының нұсқаулығы

1

Алғысөз

Мазмұны

1. Алғысөз 1-1

Ережелер мен мәлімдемелер 1-4

FCC-B радио жиілікті кедергілер туралы мәлімдемесі 1-4

FCC шарттары 1-4

CE талаптарына сәйкестік 1-4

Батарея туралы ережелер 1-5

WEEE мәлімдемесі 1-5

Қауіпсіздік туралы нұсқаулар 1-6

MSI туралы негізгі мәліметтер 1-8

Оптикалық диск жетегі туралы ескерту 1-9

Сауда белгілері 1-9

Нұсқалар журналы 1-9

2. Кіріспе 2-1

Нұсқаулық картасы 2-2

Орамадан шығару 2-2

Өнімге шолу 2-3

Үсті ашық көрініс 2-3

Алдыңғы жағының көрінісі 2-7

Оң жағының көрінісі 2-8

Сол жағының көрінісі 2-9

Артқы жағының көрінісі 2-11

Төменгі жағының көрінісі 2-12

Техникалық сипаттамалар 2-13

3. Жұмысты бастау әдісі 3-1

Ноутбукті пайдалануды бастау 3-2

Ноутбукті қауіпсіз пайдалану әдісі 3-3

Қуатпен қамтуды басқару әдісі 3-4

Айнымалы ток/тұрақты ток адаптері 3-4

Батарея қуаты 3-4

Windows жүйесінде қуат жоспарын реттеу әдісі 3-6

Пернетақтаны пайдалану әдісі 3-8

Windows пернесі 3-8

Дисплейді ауыстыру 3-8

Тачпадты өшіру немесе қосу 3-8

Ұйқы режиміне кіру 3-9

Дисплейдің жарықтық деңгейлерін реттеу 3-9
Динамиктердің дыбыс деңгейлерін реттеу 3-9
Пернетақтаның артқы жарық ЖШД-тарының жарықтық деңгейлерін реттеу 3-10
Жылдам іске қосу пернелері 3-10
Тачпад дегеніміз не 3-13
Қатты диск дегеніміз не 3-14
Тұтас күйдегі диск дегеніміз не 3-14
Оптикалық диск құрылғысын пайдалану әдісі 3-15
Wireless LAN 3-16
Сымды жергілікті желі 3-18
Bluetooth қосылымын орнату әдісі 3-22
Bluetooth қосылымын белсендіру 3-22
Сыртқы құрылғыларды қосу әдісі 3-24
Бірнеше мониторды пайдалану әдісі 3-25
RAID функциясын пайдалану әдісі 3-26
Операциялық жүйені орнату кезінде BIOS ішінде жүктеу режимін таңдау әдісі 3-27
Қалпына келтіру бөлімін пайдалану әдісі 3-28
Негізгі құрамдастар қайда 3-29

Ережелер мен мәлімдемелер

FCC-B радио жиілікті кедергілер туралы мәлімдемесі

Бұл жабдық сыналды және оның FCC ережелерінің 15-бөлігіне сай B сыныпты сандық құрылғы шектеріне сай екені анықталды. Бұл шектер тұрмыстық орнатымда зиянды кедергілерге қарсы тиісті қорғауды қамтамасыз етуге арналған. Бұл жабдық радио жиілікті қуатты жасайды, пайдаланады және шығарады және нұсқауларға сай орнатылмаса және пайдаланылмаса, радио байланысқа зиянды кедергілерді тудыруы мүмкін. Дегенмен, нақты орнатымда кедергілер болмайтынына кепілдік жоқ. Егер бұл жабдық радио немесе теледидар қабылдауына зиянды кедергілер тудырса (мұны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болады), пайдаланушыға келесі шаралардың біреуі немесе бірнешеуі арқылы кедергілерді түзетуге әрекет жасау ұсынылады:

- Қабылдау антеннасының бағытын немесе орнын өзгерту.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру.
- Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосу.
- Анықтама алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/ТД технигіне хабарласу.

ЕСКЕРТПЕ

- Талаптарға сәйкестікке жауапты тарап анық түрде бекітпеген өзгертулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығын жояды.
- Шығару шектері талаптарын орындау үшін экрандалған интерфейстік кабельдерді және айнымалы ток қуатын пайдалану керек.

FCC шарттары

Бұл құрылғы FCC ережелерінің 15-бөлігіне сай. Пайдалануға келесі екі шарт қолданылады:

- Бұл құрылғы зиянды кедергілерді тудырмауы керек.
- Бұл құрылғы алынған кез келген кедергілерді, соның ішінде, қалаусыз жұмысты тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек.

CE талаптарына сәйкестік

CE Бұл құрылғы Еуропалық директивада белгіленген негізгі қауіпсіздік талаптарына және басқа тиісті шарттарға сай.

Батарея туралы ережелер

Еуропалық Одақ: батареяларды, батарея жинақтарын және аккумуляторларды сұрыпталмаған тұрмыстық қоқыс ретінде қоқысқа лақтырмау керек. Қайтару, қайта өңдеуге тапсыру үшін қоғамдық жинау жүйесін пайдаланыңыз немесе оларға қатысты жергілікті ережелерге сай әрекеттер жасаңыз.

Тайвань: қоршаған ортаны жақсырақ қорғау үшін қоқыс батареяларды қайта өңдеу немесе арнайы қоқысқа лақтыру үшін бөлек жинау керек.

Калифорния, АҚШ: таблетка тәрізді батареяда перхлорат материалы болуы мүмкін және Калифорнияда қайта өңдегенде немесе қоқысқа лақтырғанда арнайы әрекеттер орындауды қажет етеді.

Қосымша ақпарат алу үшін мына бетке кіріңіз: http://www.dtsc.ca.gov/hazardouswaste/perchlorate/

Литий батареяны пайдалануға қатысты қауіпсіздік туралы нұсқаулар

Батарея дұрыс емес ауыстырылса, жарылыс қаупі бар. Тек бірдей немесе жабдық өндірушісі ұсынған баламалы түрмен ауыстырыңыз. Пайдаланылған батареяларды өндіруші нұсқауларына сай қоқысқа лақтырыңыз.

WEEE мәлімдемесі

Еуропалық Одақ: Еуропалық Одақтың («ЕО») 2005 жылдың 13 тамызында күшіне енетін қоқыс электр және электрондық жабдық туралы 2002/96/EC директивасы бойынша «электр және электрондық жабдық» өнімдерін енді тұрмыстық қоқыс ретінде қоқысқа лақтыруға болмайды және осы тиісті электрондық жабдық өндірушілері қызмет көрсету мерзімінің соңында осындай өнімдерді қайтаруға міндетті.

Қауіпсіздік туралы нұсқаулар

Қауіпсіздік туралы нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Жабдықтағы немесе пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық сақтық ескертулерді және ескертулерді ескеру керек.

Бұл жабдықты ылғалдылықтан және жоғары температурадан аулақ ұстаңыз.

Орнату алдында бұл жабдықты тұрақты бетке қойыңыз.

Корпустағы саңылаулар ауа конвекциясы үшін және жабдықтың қызып кетуін болдырмау үшін пайдаланылады. Саңылауларды жаппаңыз.

- Жабдықты 60°C-тан (140°F) жоғары немесе 0°C-тан (32°F) төмен желдетілмейтін ортада қалдырмаңыз, бұл жабдықты зақымдауы мүмкін.
- Бұл құрылғыны 35°C (95°F) ең жоғары қоршаған орта температурасында пайдалану керек.

- Жабдықты розеткаға қосу алдында қуат кернеуі қауіпсіз ауқымда екенін және 100~240 В мәніне дұрыс реттелгенін тексеріңіз.
- Жабдыққа кез келген қосымша картаны немесе модульді орнату алдында айнымалы ток қуат сымын розеткадан суырыңыз.
- Жабдық белгілі бір уақыт бойы пайдаланылмай қалдырылатын болса, қуатты мүлде тұтынбауға жету үшін әрқашан айнымалы ток қуат сымын ажыратыңыз, я болмаса, батарея жинағын немесе қосқышты розеткадан ажыратыңыз.

Қуат сымын адамдар басып кетпейтіндей орналастырыңыз. Қуат сымының үстіне ештеңе қоймаңыз.

Әрқашан күшті магниттік немесе электр заттарды жабдықтан аулақ ұстаңыз.

- Батареяны дұрыс емес ауыстыру тудырған жарылысты болдырмау үшін батареяның тек бірдей немесе өндіруші ұсынған баламалы түрін пайдаланыңыз.
- Әрқашан батареяны қауіпсіз орында сақтаңыз.

ТД тюнеріне коаксиалдық кабельді орнатқан кезде металл қалқан ғимараттың қорғағыш жерге қосу жүйесіне сенімді түрде жалғанғанына көз жеткізу керек.

Ешқашан саңылауға сұйықтық құймаңыз, бұл жабдықты зақымдауы немесе ток соғуына әкелуі мүмкін.

Егер келесі жағдайлардың кез келгені пайда болса, жабдықты сервис қызметкерлеріне тексертіңіз:

- Қуат сымы немесе аша зақымдалған.
- Жабдыққа сұйықтық кірді.
- Жабдыққа ылғал әсер етті.
- Жабдық дұрыс жұмыс істемеді немесе оны пайдаланушы нұсқаулығына сай жұмыс істете алмайсыз.
- Жабдық түсіріліп алынды және зақымдалды.
- Жабдықты бұзылудың анық нышандары бар.

Жасыл өнім мүмкіндіктері

- Пайдалану және күту режимі кезінде азайтылған қуатты тұтыну.
- Қоршаған ортаға және денсаулыққа зиянды заттарды шектеулі пайдалану.
- Оңай ажыратылады және қайта өңделеді.
- Қайта өңдеуге ынталандыру арқылы табиғат ресурстарын азырақ пайдалану.
- Оңай жаңартулар арқылы кеңейтілген өнімнің қызмет көрсету мерзімі.
- Қайтару саясаты арқылы азырақ қаты қоқысты жасау.

Қоршаған орта саясаты

- Өнім бөліктерді дұрыс қайта пайдалануға және қайта өңдеуге мүмкіндік беретіндей жасалған және оны лақтырмау керек.
- Пайдаланушылар қызмет көрсету мерзімі біткен өнімдерін қайта өңдеуге тапсыру және қоқысқа лақтыру үшін жергілікті өкілетті жинау орнына хабарласуы керек.

MSI туралы негізгі мәліметтер

Көбірек MSI туралы негізгі мәліметтерді мына беттерде қараңыз: http://www.msi.com және https://www.youtube.com/user/MSIGamingGlobal

SteelSeries механизмі тек MSI ОЙЫН ноутбугінде бар

MSI ойын ноутбуктерінде ерекше SteelSeries механизмін әзірлеу үшін SteelSeries компаниясымен бірлесіп жұмыс істейді. SteelSeries механизмі — бірнеше құрылғыны басқаруда ойыншылар үшін барлық жиі пайдаланылатын функцияларды біріктіретін қолданбалар.

MSI ОЙЫН ноутбугі — XSplit Gamecaster нақты уақытта ағынды жүктеу қолданбасы бар бірінші ойын ноутбугі!

MSI ойын ноутбугінде XSplit Gamecaster бар. Бұл ойыншыларға арналған ең оңай нақты уақытта ағын алу және жазу шешімі. Xsplit Gamecaster негізгі оқулығын қараңыз.

MSI ойын ноутбуктеріндегі Dynaudio дыбысы

MSI ойын ноутбуктерінде шынайы дыбыс орындалуын қамтамасыз ету үшін Dynaudio, дат дыбыс мамандарымен серіктеседі.

Оптикалық диск жетегі туралы ескерту

САҚ БОЛЫҢЫЗ: бұл құрылғыда лазерлік жүйе бар және ол «1 СЫНЫПТЫ ЛАЗЕРЛІК ӨНІМ» ретінде сыныпталған. Бұл үлгіні тиісті түрде пайдалану үшін пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және осы нұсқаулықты болашақта анықтама алу үшін сақтаңыз. Осы үлгіде кез келген мәселе болса, ең жақын «ӨКІЛЕТТІ сервистік бекетке» хабарласыңыз. Лазерлік сәуленің тікелей әсер етуін болдырмау үшін корпусты бөлшектеуге тырыспаңыз.

Сауда белгілері

- Барлық сауда белгілері — тиісті иелерінің меншіктері.
- THX және THX TruStudio Pro — THX Ltd. компаниясының кейбір юрисдикцияларда тіркелген болуы мүмкін сауда белгілері. Барлық құқықтар қорғалған.
- Sound Blaster® — Creative Technology Ltd компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Нұсқалар журналы

- Нұсқа: 1.0
- Күн: 04, 2015

2

Кіріспе

Осы мұқият жобаланған ноутбуктың пайдаланушы болғаныңызбен құттықтаймыз. Осы ерекше ноутбукті пайдаланғанда сізде қызық және кәсіби тәжірибе болады. Пайдаланушыларымызға осы ноутбук мұқият сыналғанын және біздің теңдессіз сенімділік және тұтынушылардың қанағаттануы репутациямызбен куәліктендірілгенін мақтан тұтып айтамыз.

Нұсқаулық картасы

Бұл пайдаланушы нұсқаулығында осы ноутбукті пайдалану әдісі туралы нұсқаулар және суреттер берілген. Осы ноутбукті пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығу ұсынылады.

1-тарау, Алғысөз, пайдаланушыларға осы ноутбукті пайдалануға қатысты негізгі қауіпсіздік туралы ақпаратты және сақтық ескертулерді береді.

2-тарау, Кіріспе, ноутбукке қысқаша кіріспе береді, соның ішінде, шолулар, функциялық түймелер, жылдам іске қосу түймелері, жалғағыштар, ЖШД-тар, т.б.

3-тарау, Жұмысты бастау әдісі, пайдаланушыларға осы ноутбукпен танысуға көмектесу үшін пайдалану туралы негізгі нұсқауларды береді.

Орамадан шығару

Алдымен жөнелту қорабын ашыңыз және барлық заттарды мұқият тексеріңіз. Егер ішіндегі кез келген зақымдалған немесе жоқ болса, жергілікті дилерге бірден хабарласыңыз. Сондай-ақ, құрылғыны болашақта жөнелту қажет болатын болса, қорапты және орама материалдарын сақтаңыз. Орамада келесі заттар болуы керек:

- Ноутбук
- Қысқаша бастау нұсқаулығы
- Айнымалы ток/тұрақты ток адаптері, айнымалы ток қуат сымы
- Алып жүру сөмкесі (қосымша)
- Пайдаланушы нұсқаулығының толық нұсқасын, драйверлерді, қызметтік бағдарламаларды және қосымша қалпына келтіру функциясын, т.б. қамтитын барлығы бірде қолданбалар дискі. (қосымша)

Өнімге шолу

Бұл бөлімде ноутбуктің негізгі аспекттерінің сипаттамасы берілген. Ол пайдалану алдында осы ноутбуктің сыртқы туралы қосымша мәліметтер алуға көмектеседі. Мұнда көрсетілген сандар тек анықтама алуға арналғанын ескеріңіз.

Үсті ашық көрініс

Үсті ашық көріністің суреті және төменде көрсетілген сипаттама сізді ноутбуктің негізгі жұмыс аумағын шолуға апарады.



1. **Веб-камера/ Веб-камера ЖШД/ ішкі микрофон**
   - Бұл кірістірілген веб-камераны суреттер түсіру, бейне жазу немесе конференциялар және кез келен басқа интерактивтік мақсаттарда пайдалануға болады.
   - Веб-камера жанындағы веб-камераның ЖШД индикаторы веб-камера функциясы белсендірілгенде жанады; бұл функция өшкенде ЖШД өшеді.
   - Кірістірілген микрофон және оның функциясы микрофонмен бірдей.

2. **Жылдам іске қосу түймелері**

   Жылдам іске қосу түймелерін белгілі бір қолданбаларды немесе құралдарды белсендіру үшін пайдаланыңыз. Келесі жылдам іске қосу түймелері тек SCM қолданбасы орнатылған операциялық жүйеде жұмыс істейді. Оңай және ыңғайлы пайдалану үшін орамада келетін барлығы біреуде дискіндегі SCM қолданбасын табыңыз. SCM қолданбасын орнату ұсынылады.

Кулерді күшейту	• Бұл түймені ноутбуктің жалпы температурасын салқындату үшін вентилятор жылдамдығын барынша арттыру үшін пайдаланыңыз. • Вентилятор жылдамдығы ең жоғары деңгейге орнатылғанда түйменің ЖШД жанады; AUTO (АВТО) режимі таңдалғанда ЖШД өшеді.
Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы	• Бұл ноутбукте пайдаланушыларға ойын ойнауда тамаша және тиімді шешімді қамтамасыз еттеін **Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы)** ойын қызметтік бағдарламасы алдын ала орнатылған болуы мүмкін. • Бұл түймені Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы) қолданбасын көрсету үшін пайдаланыңыз.
Қуат	**Қуат түймесі** • Бұл түймені ноутбук қуатын ҚОСУ және ӨШІРУ үшін пайдаланыңыз. • Бұл түймені ноутбукті ұйқы күйінен ояту үшін пайдаланыңыз. **Қуат ЖШД** • Ноутбук қуаты қосылғанда ЖШД жанады. • ЖШД ноутбук өшірілгенде өшеді.

3. **Тачпад**

   Бұл — ноутбуктің меңзеу құрылғысы.

4. Пернетақта

Кірістірілген пернетақта толық өлшемді пернетақтаның барлық функцияларын қамтамасыз етеді.

Жылдам іске қосу [Fn] пернелері

Белгілі бір қолданбаларды немесе құралдары белсендіру үшін пернетақтадағы [Fn] пернелерін пайдаланыңыз.

Осы пернелердің көмегімен пайдаланушылар тиімдірек жұмыс істей алады.

Келесі пернелер тек SCM қолданбасы орнатылған операциялық жүйеде жұмыс істейді.

 Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы) немесе пайдаланушы анықтаған (қосымша)	• Бұл ноутбукте пайдаланушыларға ойын ойнауда тамаша және тиімді шешімді қамтамасыз еттеін **Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы)** ойын қызметтік бағдарламасы алдын ала орнатылған болуы мүмкін. • Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы) алдын ала орнатылған болса, нақты қолданбаны іске қосуға арналған жылдам іске қосу түймесін анықтау үшін [Instant Play: Play Key Setting (Лездік ойнату: ойнату пернесін орнату)] қойындысын көрсету үшін **Fn** пернесін басыңыз, содан кейін **F4** пернесін басыңыз. Параметр орнатылғаннан кейін белгіленген қолданбаны іске қосу үшін **Fn** және **F4** пернелерін басыңыз. Пайдаланушылар осы түймені анықтамай қалдырса, **Fn** және **F4** түймелерін басу [Instant Play: Play Key Setting (Лездік ойнату: ойнату пернесін орнату)] қойындысын қайтадан шығарады • Дегенмен, Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы) орнатылмаған немесе жойылған болса, пайдаланушы анықтаған қолданбаны іске қосу үшін **Fn** және **F4** пернелерін басыңыз.
 ECO Engine (Қуатты үнемдеу)	• **Fn** пернесін басып тұрыңыз, содан кейін **ECO Engine** қамтамасыз ететін әр түрлі қуатты үнемдеу режимдері арасында ауысу немесе осы функцияны қайталап өшіру үшін **F5** пернесін қайталап басыңыз.

Веб-камера	• **Fn** пернесін басып тұрыңыз, содан кейін **F6** пернесін басып **Веб-камера** функциясын қосыңыз. Оны өшіру үшін қайтадан басыңыз.
Shift	• **«Спорт»/«Ыңғайлылық»/«Жасыл»** режимдерінің арасында ауысу және өнімділікті өзгерту үшін **Fn** пернесін басып тұрыңыз, содан кейін **F7** пернесін басыңыз. • Бұл функция тек айнымалы ток қуаты қосылған және әдепкі параметр Sport (Спорт) режимі болса ғана белсендіріледі.
 **Ұшақ режимі**	• **Fn** пернесін басып тұрыңыз, содан кейін **F10** пернесін қайталап басып, **Ұшақ режимін** қайталап қосыңыз немесе өшіріңіз. • Ушу қауіпсіздігі үшін әрқашан ұшқан кезде Ұшақ режимін қосу ұсынылады. • Құрылғы күйін тексеру үшін жұмыс үстелінде **[Бастау/ Параметрлер/ ДК параметрлерін өзгерту/ Желі/ Ұшақ режимі]** тармағында Ұшақ режимін қосу белгішесін қараңыз.

Алдыңғы жағының көрінісі



1. **Стерео динамиктер**

   Стерео жүйе және қолдау көрсетілетін Hi-Fi функциясы арқылы жоғары сапалы дыбыс генераторын береді.

2. **Күй ЖШД**

WLAN (Wi-Fi)	**Wireless LAN (Wi-Fi)** • ЖШД **Wireless LAN (WiFi)** функциясы қосылғанда жанады. • Осы функция өшірілгенде ЖШД өшеді.
	Батарея күйі • ЖШД батарея зарядталып жатқанда жанады. • Батарея істен шықса, жыпылықтайды және жаңа батареямен ауыстыру ұсынылады. • Өндіруші ұсынған батареяның баламалы түрін сатып алу үшін жергілікті дилерге хабарласыңыз. • Батарея ЖШД толығымен зарядталғанда немесе айнымалы ток/тұрақты ток адаптері ажыратылғанда өшеді.
	Жүргізу әрекетінің индикаторы ЖШД жүйе ішкі сақтау дискілеріне қатынасқан кезде жыпылықтайды.

Оң жағының көрінісі



1. **Оптикалық диск құрылғысы**

   Бұл ноутбук оптикалық жетек құрылғысымен жабдықталған. Ноутбукте алдын ала орнатылатын нақты құрылғы сіз сатып алған үлгіге байланысты.

2. **Карта оқу құралы**

   Кірістірілген карта оқу құралы SD3.0 (Secure Digital) картасын қолдауы мүмкін. Қосымша және дұрыс ақпаратты алу үшін жергілікті дилерге хабарласыңыз және қолдау көрсетілетін жад карталары ескертусіз өзгертілуі мүмкін екенін ескеріңіз.

3. **USB 2.0 порты**

   USB 2.0 порты тінтуір, пернетақта, модем, портативті қатты диск модулі, принтер, т.б. сияқты USB интерфейстік перифериялық құрылғыларды жалғауға мүмкіндік береді.

4. **Қуат коннекторы**

   Бұл коннектор айнымалы ток/тұрақты ток адаптерін жалғауға және ноутбукке қуат беруге арналған.

Сол жағының көрінісі



1. **Kensington құлпы**

   Бұл ноутбук Kensington құлпының тесігін қамтамасыз етеді. Ол пайдаланушыларға кілт немесе бір механикалық PIN құрылғысы арқылы ноутбукті орнында бекітуге және резеңкеленген металл кабель арқылы жалғауға мүмкіндік береді. Кабельдің соңында бүкіл кабельді ауыр үстел немесе ұқсас жабдық сияқты қозғалыссыз затқа орауға, осылайша, ноутбукті орнында бекітуге мүмкіндік беретін шағын ілмек бар.

2. **USB 3.0 порты/ Super Charger USB порты**

   USB 3.0, SuperSpeed USB, сақтау құрылғылары, қатты дискілер немесе бейнекамералар сияқты әр түрлі құрылғыларды жалғау үшін жоғарырақ интерфейс жылдамдықтарын қамтамасыз етеді және жылдамдығы жоғары деректерді тасымалдаумен салыстырғанда қосымша артықшылықтарды ұсынады.

   Super Charger USB порты ноутбук қуат өшірулі режимде болғанда Apple құрылғылары үшін тезірек қуатты зарядтау функциясын қамтамасыз етеді.

3. **Mini-DisplayPort**

   Mini DisplayPort — DisplayPort кішірейтілген нұсқасы, жарамды адаптер көмегімен Mini DisplayPort VGA, DVI немесе HDMI интерфейсі бар дисплейлерді басқару үшін пайдалануға болады.

4. Аудио порт коннекторлары

Стерео жүйе және қолдау көрсетілетін Hi-Fi функциясы арқылы жоғары сапалы дыбыс генераторын жасаңыз.

Микрофон

Сыртқы микрофон үшін пайдаланылады.

Құлақаспап

Динамиктерге немесе құлақаспапқа арналған коннектор.

5. RJ-45 коннекторы

10/100/1000 Ethernet коннекторы желілік қосылым үшін жергілікті желі кабелін жалғау үшін пайдаланылады.

6. HDMI коннекторы

HDMI (High Definition Multimedia Interface) — бір кабельде стандартты, жақсартылған және анықтығы жоғары бейнені, оған қоса, көп арналық сандық аудионы қолдайтын, дербес компьютерлерге, дисплейлерге және тұтынушылық электроникаға арналған жаңа интерфейс стандарты.

7. USB 3.0 порттары

USB 3.0, SuperSpeed USB, сақтау құрылғылары, қатты дискілер немесе бейнекамералар сияқты әр түрлі құрылғыларды жалғау үшін жоғарырақ интерфейс жылдамдықтарын қамтамасыз етеді және жылдамдығы жоғары деректерді тасымалдаумен салыстырғанда қосымша артықшылықтарды ұсынады.

Артқы жағының көрінісі



1. Вентилятор

Вентилятор жүйені салқындатуға арналған. Ауа айналымы болуы үшін вентиляторды жаппаңыз.

Төменгі жағының көрінісі



1. **Вентилятор**

   Вентилятор жүйені салқындатуға арналған. Ауа айналымы болуы үшін вентиляторды жаппаңыз.

2. **Вуфер динамигі**

   Вуфер динамигі басс ретінде белгілі төмен тембрлік аудио жиіліктерін шығаруға арналған.

Техникалық сипаттамалар

Физикалық сипаттамалар	
Өлшемдері	383 (Е) x 260 (Д) x 27-29 (Б) мм (15,6") 419,9 (Е) x 287,8 (Д) x 29,8-32 (Б) мм (17,3")
Салмағы	2,4 кг, батареямен бірге (15,6 дюйм) 2,7 кг батареямен бірге (17,3 дюйм)
Орталық процессор	
Орам	BGA
Процессор түрі (қосымша)	Intel® Quad/ Dual-Core процессоры
TDP	37~47W
Негізгі чип	
PCH	Intel® Lynx Point HM87
Жад	
Технология	DDR3L 1600 МГц
Жад	SO-DIMM слоттары x 2
Ең көбі	16 ГБ дейін
Қуат	
Айнымалы ток/ тұрақты ток адаптері (1) (қосымша)	150 Вт, 19,5 в Кіріс: 100~240V 50~60Hz Шығыс: 19,5V ⎓ 7.7A
Айнымалы ток/ тұрақты ток адаптері (2) (қосымша)	120 Вт, 19,5 В Кіріс: 100~240V 50~60Hz Шығыс: 19,5 В ⎓ 6,15 А
Батарея түрі	6 ұяшықты
RTC батареясы	Иә

Сақтау (мұнда тізілген заттар ескертусіз өзгертілуі мүмкін)	
HDD форм-факторы	2,5 дюймдік HDD
SSD (қосымша)	M.2 2280 SSD
Оптикалық диск құрылғысы (қосымша)	Super Multi / Blu-ray/ BD Writer
Кіріс/шығыс порты	
USB	x 3 (3.0 нұсқасы) x 1 (2.0 нұсқасы)
Mic-in	x 1
Құлақаспап шығысы	x 1 (S/PDIF-Out үшін қолдау көрсетіледі)
RJ45	x 1
HDMI	x 1
Mini-DisplayPort	x 1
Карта оқу құралы	x 1 (SD3.0) Қолдау көрсетілетін жад карталары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
Байланыс порты	
LAN	10/ 100/ 1000 МБ Ethernet
Wireless LAN	Қолдау көрсетіледі
Bluetooth	Қолдау көрсетіледі
Дисплей	
СКД түрі (қосымша)	15.6 дюйм/ 17.3 дюйм FHD Ендірілген DisplayPort™ (eDP™) 4K дисплейі
Жарықтық	K/B ыстық пернелері арқылы басқарылады
Бейне	
Графика	NVIDIA® GeForce® дискреттік графикасы, NVIDIA® Optimus™ үшін қолдау көрсетіледі
VRAM	GDDR5, GPU құрылымына негізделген

HDMI шығысы	Қолдау көрсетіледі
DisplayPort шығысы	Қолдау көрсетіледі
Мульти дисплей функциясы	Қолдау көрсетіледі
Веб-камера	
HD CMOS камерасы	Қолдау көрсетіледі
Аудио	
Ішкі динамик	4 динамик + 1 вуфер
Дыбыс деңгейі	Пернетақта ыстық пернесі және қосқыштары арқылы реттеледі
Бағдарламалық жасақтама және BIOS	
USB флеш арқылы жүктеу	USB флоппи және USB флеш жүктеу DOS
BIOS	Жылдам жүктеуді қолдау
Басқа	
Үйлесімділік	WHQL
Kensington құлпының тесігі	x 1

3

Жұмысты бастау әдісі

Ноутбукті пайдалануды бастау

Осы ноутбуктің жаңа пайдаланушысы сізге біз ноутбукті пайдалануды бастау үшін төмендегі суреттерді қарауды ұсынамыз.







Ноутбукті қауіпсіз пайдалану әдісі

Егер ноутбукті бірінші рет пайдаланып жатсаңыз, жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету және әрекеттерді орындау кезінде өзіңізді ыңғайлы сезіну үшін төмендегі нұсқауларды оқып шығыңыз.

- Жұмыс аумағыңызда жеткілікті жарық болуы керек.
- Эргономикалық үстелді таңдаңыз және оны бойыңызға реттеңіз.
- Арқаны тік отырғанда арқаңыздың төменгі бөлігін ыңғайлы ұстайтындай реттеңіз.
- Табандарыңызды еденге тізелеріңізді 90 градусқа бүгіп қойыңыз.
- Теру кезінде қолдарыңызды және білектеріңізді білек тірегінің үстінде ұстаңыз.
- Оңтайлы көрініс алу үшін СКД тақтасының бұрышын/күйін реттеңіз.
- Ноутбукті ыңғайлырақ қалыпта тұру оңай жерде пайдаланыңыз.
- Отыру қалпыңызды жиі өзгертіңіз.
- Жүйелі түрде денеңізді керіңіз және жаттығу жасаңыз.
- Біраз уақыт жұмыс істеуден кейін үзіліс жасауды есте сақтаңыз.



Қуатпен қамтуды басқару әдісі

Бұл бөлімде айнымалы ток/тұрақты ток адаптерін және батарея қуатын тиісті түрде пайдаланғанда пайдаланушылар қолдануы керек негізгі қауіпсіздік шаралары берілген.

Айнымалы ток/тұрақты ток адаптері

Ноутбукке қауіпсіз және тиісті түрде қуат беру үшін бірінші рет қосу алдныда жинақтағы қуат адаптерін жалғау ұсынылады. Төменде айнымалы ток/тұрақты ток адаптеріне қатысты істеуге болатын және болмайтын нәрселер берілген.

- Істеуге болатын нәрселер
  - Тек ноутбукпен бірге жөнелтілген адаптерді пайдаланыңыз.
  - Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз.
  - Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру.
  - Пайдаланып жатқанда айнымалы ток/тұрақты ток адаптерінен жылу шығатынын ескеріңіз.
  - Анықтама алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/ТД технигіне хабарласу.
- Істеуге болмайтын нәрселер
  - Басқа брендті адаптерді пайдалану, өйткені бұл ноутбукті немесе оған жалғанған құрылғыларды зақымдауы мүмкін.
  - Пайдаланылып жатқан адаптерді жабу, өйткені бұл жылу тудыруы мүмкін.

Батарея қуаты

Бұл ноутбук сыйымдылығы жоғары литий-ионды батареялар жинағымен жабдықталған. Зарядталмалы литий-ионды батареялар жинағы — ноутбуктің ішкі қуат көзі. Бұл батареялар жинағын пайдаланушыларға ауыстыруға болмайды.

- **Батарея қуатын үнемдеу**

  Тиімді батарея қуаты қалыпты жұмысты сақтау үшін маңызды. Егер батарея қуаты жақсы басқарылмаса, сақталған деректер және теңшелген параметрлер жоғалуы мүмкін. Батареяның қызмет көрсету мерзімін оңтайландыру және кенет қуаттың жоғалуын болдырмау үшін төмендегі кеңестерді оқып шығыңыз:

  - Жүйе біраз уақыт бойы жұмыс істемейтін болса, жүйенің жұмысын уақытша тоқтатыңыз немесе уақытша тоқтату таймерінің уақытын

қысқартыңыз.

- Біраз уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, жүйені өшіріңіз.
- Қажет емес параметрлерді өшіріңіз немесе бос тұрған перифериялық құрылғыларды ажыратыңыз.
- Мүмкіндігінше жүйеге айнымалы ток/тұрақты ток адаптерін жалғаңыз.

Батареялар жинағын зарядтау

Батареялар жинағын ноутбукке орнатылған кезінде зарядтауға болады. Батареяны зарядтау алдында келесі кеңестерге көңіл бөліңіз:

- Егер зарядталған батареялар жинағы қол жетімді емес болса, жұмысыңызды сақтаңыз және барлық іске қосылған бағдарламаларды жабыңыз және жүйені өшіріңіз.
- Сыртқы айнымалы ток/тұрақты ток адаптерін қосыңыз.
- Зарядтау процесін үзбестен жүйені пайдалануға, жүйенің жұмысын уақытша тоқтатуға немесе жүйені өшіруге болады.
- Литий-полимерлік батареяда «жад» әсері жоқ. Зарядтау алдында батарея зарядын тауысу қажет емес. Дегенмен, батареяның қызмет көрсету мерзімін оңтайландыру үшін айына бір рет батарея қуатын толығымен тұтынуды ұсынамыз.
- Нақты зарядтау уақытын пайдаланылып жатқан қолданбалар анықтайды.

Windows жүйесінде қуат жоспарын реттеу әдісі

Төмендегі қадамдарда қуатты үнемдейтін жоспарды пайдаланып ноутбук үшін батарея қуатын үнемдеу әдісі көрсетілген. Windows операциялық жүйесінде қуатты басқару параметрлерін реттеу үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

Windows операциялық жүйесіндегі «Қуат опциялары» дисплейдің, қатты дискінің және батареяның қуатты басқару мүмкіндіктерін басқаруға мүмкіндік береді.

1. Тінтуір жүгіргісін экранның сол жақ бұрышына сүйреңіз, сонда [Бастау] белгішесі көрсетіледі. Таңдау мәзірін көрсету үшін белгішені тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз. Мәзірде [Басқару тақтасы] тармағын таңдаңыз.
2. [Жүйе және қауіпсіздік] тармағын басыңыз.
3. [Қуат опциялары] тармағын басыңыз.
4. Содан кейін жеке қажеттіліктерге сай қуат жоспарын таңдаңыз.
5. Қуат белгішесі опцияларды көрсетеді. Компьютерді қуатты үнемдеу режимінен қуат түймесін басу арқылы оятуға болады.



3


Power Options
Change battery settings
Require a password when the computer wakes
Change what the power buttons do
Change when the computer sleeps

4


Choose or customize a power plan
A power plan is a collection of hardware and system settings (like display brightness, sleep, etc.) that manages how your computer uses power. Tell me more about power plans
Preferred plans
Balanced (recommended)
Change plan settings
Automatically balances performance with energy consumption on capable hardware.
Power saver
Change plan settings
Saves energy by reducing your computer's performance where possible.
Show additional plans

5


Sleep
Shut down
Restart
Available
Brightness
Notifications
Power
Keyboard
Change PC settings

Пернетақтаны пайдалану әдісі

Бұл ноутбук толық функциялық пернетақтаны қамтамасыз етеді. Пернетақтаның тиісті түрде қызмет етуін қамтамасыз ету үшін операциялық жүйеде SCM қолданбасын орнату ұсынылады.



Windows пернесі

Windows логотипі пернесін пернетақтада табуға болады. Ол «Бастау» мәзірін ашу және төте жол мәзірін іске қосу сияқты Windows функцияларын орындау үшін пайдаланылады.

Дисплейді ауыстыру

Дисплейдің шығыс режимін СКД, сыртқы монитор және екеуі арасында ауыстыру.

Тачпадты өшіру немесе қосу

Тачпад функциясын қосу немесе өшіру.

Ұйқы режиміне кіру

Компьютерді ұйқы күйіне мәжбүрлеп енгізу (жүйенің конфигурациясына байланысты). Жүйені ұйқы күйінен ояту үшін Қуат түймесін басыңыз.

Дисплейдің жарықтық деңгейлерін реттеу



СКД жарықтығын арттыру.

СКД жарықтығын азайту.

Динамиктердің дыбыс деңгейлерін реттеу



Кірістірілген динамиктің дыбыс деңгейін арттыру.

Кірістірілген динамиктің дыбыс деңгейін азайту.



Ноутбуктің аудио функциясын өшіру.

Пернетақтаның артқы жарық ЖШД-тарының жарықтық деңгейлерін реттеу

Пернетақтаның артқы жарық ЖШД-тарының жарықтық арттыру.



Пернетақтаның артқы жарық ЖШД-тарының жарықтық азайту.

Жылдам іске қосу пернелері

Белгілі бір қолданбаларды немесе құралдарды белсендіру үшін пернетақтадағы [Fn] пернелер тіркесімін пайдаланыңыз. Осы пернелердің көмегімен пайдаланушылар тиімдірек жұмыс істей алады.

Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы) немесе пайдаланушы анықтаған (қосымша)

- Бұл ноутбукте пайдаланушыларға ойын ойнауда тамаша және тиімді шешімді қамтамасыз ететін **Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы)** ойын қызметтік бағдарламасы алдын ала орнатылған болуы мүмкін.
- Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы) алдын ала орнатылған болса, нақты қолданбаны іске қосуға арналған жылдам іске қосу түймесін анықтау үшін [Instant Play: Play Key Setting (Лездік ойнату: ойнату пернесін орнату)] қойындысын көрсету үшін **Fn** пернесін басыңыз, содан кейін **F4** пернесін басыңыз. Параметр орнатылғаннан кейін белгіленген қолданбаны іске қосу үшін **Fn** және **F4** пернелерін басыңыз. Пайдаланушылар осы түймені анықтамай қалдырса, **Fn** және **F4** түймелерін басу [Instant Play: Play Key Setting (Лездік ойнату: ойнату пернесін орнату)] қойындысын қайтадан шығарады
- Дегенмен, Dragon Gaming Center (Айдаһар ойын орталығы) орнатылмаған немесе жойылған болса, пайдаланушы анықтаған қолданбаны іске қосу үшін **Fn** және **F4** пернелерін басыңыз.

 ECO Engine (Қуатты үнемдеу)	• **Fn** пернесін басып тұрыңыз, содан кейін **ECO Engine** қамтамасыз ететін әр түрлі қуатты үнемдеу режимдері арасында ауысу немесе осы функцияны қайталап өшіру үшін **F5** пернесін қайталап басыңыз.
 Веб-камера	• **Fn** пернесін басып тұрыңыз, содан кейін **F6** пернесін басып **Веб-камера** функциясын қосыңыз. Оны өшіру үшін қайтадан басыңыз.
 Shift	• **«Спорт»/«Ыңғайлылық»/«Жасыл»** режимдерінің арасында ауысу және өнімділікті өзгерту үшін **Fn** пернесін басып тұрыңыз, содан кейін **F7** пернесін басыңыз. • Бұл функция тек айнымалы ток қуаты қосылған және әдепкі параметр Sport (Спорт) режимі болса ғана белсендіріледі.
 **Ұшақ режимі**	• **Fn** пернесін басып тұрыңыз, содан кейін **F10** пернесін қайталап басып, **Ұшақ режимін** қайталап қосыңыз немесе өшіріңіз. • Ұшу қауіпсіздігі үшін әрқашан ұшқан кезде Ұшақ режимін қосу ұсынылады. • Құрылғы күйін тексеру үшін жұмыс үстелінде **[Бастау/ Параметрлер/ ДК параметрлерін өзгерту/ Желі/ Ұшақ режимі]** тармағында Ұшақ режимін қосу белгішесін қараңыз.

Мына беттегі нұсқау бейнені көріңіз: https://www.youtube.com/watch?v=u2EGE1rzfrQ

YouTube youku

Тачпад дегеніміз не

Ноутбукке кірістірілген тачпад — стандартты тінтуірмен үйлесімді меңзеу құрылғысы. Ол экранда жүгіргінің орнын меңзеу және екі түймесімен таңдау жасау арқылы сізге ноутбукті басқаруға мүмкіндік береді.



- Тачпадты конфигурациялау

  Меңзеу құрылғысын жеке қажеттіліктерге сай теңшеуге болады. Мысалы, солақай пайдаланушы болсаңыз, екі түйменің функцияларын ауыстырғыңыз келуі мүмкін. Бұған қоса, экрандағы жүгіргінің өлшемін, пішінін, қозғалу жылдамдығын және басқа кеңейтілген мүмкіндіктерін өзгерте аласыз.

  Тачпадты конфигурациялау үшін Windows операциялық жүйесіндегі Microsoft немесе IBM PS/2 драйверін пайдалануға болады. «Басқару тақтасы» ішіндегі «Тінтуір сипаттары» конфигурацияны өзгертуге мүмкіндік береді.

- Орналастыру және жылжыту

  Саусақты тачпадқа қойыңыз (әдетте сұқ саусақ), сонда тіктөртбұрышты тақта дисплейдің кішкентай көшірмесі ретінде әрекет етеді. Саусақ ұшын тақтада жылжытқанда экрандағы жүгіргі бір уақытта бірдей бағытта қозғалады. Саусақ тақтаның жиегіне жеткенде қозғалысты жалғастыру үшін саусақты көтеріңіз және тачпадтың тиісті орнына қойыңыз.

- Меңзеу және басу

  Жүгіргіні жылжытып, белгіше, мәзір элементі немесе орындау керек пәрмен үстіне қойғанда таңдау үшін жай тачпадты жай түртіңіз немесе сол жақ түймені басыңыз. Меңзеу және басу деп аталатын бұл процедура ноутбукті пайдаланудың негіздері болып табылады. Тінтуір сияқты дәстүрлі меңзеу құрылғысынан ерекшелігі, бүкіл тачпад сол жақ түйме ретінде әрекет ете алады, осылайша тачпадты әр түрту сол жақ түймені басуға тең болады. Тачпадта тезірек екі рет түрту қос басуды орындайды.

- Сүйреп апарып тастау

  Ноутбуктегі файлдарды немесе нысандарды сүйреп апарып тастауды пайдалана отырып жылжытуға болады. Бұлай істеу үшін жүгіргіні қажет элементке қойып, тачпадты жай екі рет түртіңіз, содан кейін екінші түрткенде саусақ ұшын тачпадқа тигізіп тұрыңыз. Енді тачпадта саусақты жылжыту арқылы таңдалған элементті қажет орынға сүйреуге, содан кейін элементті орнына тастау үшін саусақты тачпадтан көтеруге болады. Я болмаса, элементті таңдағанда сол жақ түймені басып тұруға, содан кейін саусақты қажет орынға жылжытуға, соңында, сүйреп апарып тастау әрекетін аяқтау үшін сол жақ түймені жіберуге болады.

Қатты диск дегеніміз не

Бұл ноутбук сыйымдылығы үлкен 2,5 дюймдік HDD дискімен жабдықталған. Ол әдетте операциялық жүйені және бағдарламаларды орнату үшін пайдаланылады. Ноутбук қосулы кезде қатты дискіні ажыратпаңыз немесе орнатпаңыз. HDD дискін ауыстыруды тек өкілетті ритейлер немесе сервис өкілі орындауы керек.

Тұтас күйдегі диск дегеніміз не

Бұл ноутбук тұтас күйдегі дискімен (SSD) жабдықталуы мүмкін. Тұтас күйдегі диск — тұтас күйдегі флед жадында деректерді сақтайтын сақтау құрылғысы. Ноутбук қосулы кезде SSD дискін ажыратпаңыз немесе орнатпаңыз. SSD дискін ауыстыруды тек өкілетті ритейлер немесе сервис өкілі орындауы керек.

Оптикалық диск құрылғысын пайдалану әдісі

Бұл ноутбук оптикалық жетек құрылғысымен жабдықталған болуы мүмкін. Дискіні салу үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз. Мұнда көрсетілген құрылғылар тек анықтама үшін арналған.

1. Ноутбук қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Тақтадағы шығару түймесін басыңыз, сонда диск науасы ішінара шығады.
3. Науаны толығымен ұзарғанша ақырын сыртқа тартыңыз.
4. Дискіні науаға салыңыз және диск дұрыс және қауіпсіз орнатылғанына көз жеткізіңіз. Орнында бекіту үшін дискінің ортасын жай басыңыз.
5. Науаны жетекке қайта итеріңіз.



Интернетке қосылу әдісі

Wireless LAN

Wireless LAN — кабельдерді пайдаланбастан интернетке қосылуға мүмкіндік беретін сымсыз кең жолақты қосылым. Wireless LAN қосылымын орнату үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Ұшақ режимін өшіру

  Ұшу қауіпсіздігі үшін әрқашан ұшқан кезде Ұшақ режимін қосу ұсынылады. Ұшақ режимі қосылғанда Wireless LAN қосылымы және Bluetooth өшіріледі. Wireless LAN қосылымын орнату алдында Ұшақ режимін өшіріңіз.

  Жұмыс үстеліне өтіңіз. (Win 8 бастау экранында болсаңыз, **Жұмыс үстелін** іске қосыңыз.)

  1. Жұмыс үстелінде [Параметрлер] белгішесін тауып, басыңыз.
  2. [Ұшақ режимі] тармағын таңдаңыз.
  3. [Желілер] астында [Ұшақ режимі] таңдауларын жайыңыз. Осында [Ұшақ режимі] күйіне орнатылғанын тексеріңіз.



- Wireless LAN параметрлерін орнату

1. Жүгіргіні жұмыс үстелінің төменгі оң жақ бұрышына нұсқау және басу арқылы параметрлерін мәзірін жайыңыз.
2. [Wireless LAN] белгішесін басыңыз.
3. Желілер тізімінен Wireless LAN қосылымын таңдаңыз.
4. Таңдалған желіге қосылу үшін қауіпсіздік кілті қажет болады. Содан кейін [Келесі] түймесін басыңыз.



Сымды жергілікті желі

Интернетке қосылу үшін кабельдерді және желілік адаптерлерді пайдалану.

- Динамикалық IP/PPPoE қосылымын орнату

  Жұмыс үстеліне өту (Win 8 Бастау экранында болсаңыз, **Жұмыс үстелін** іске қосыңыз)

  1. Жүгіргі меңзерін тапсырмалар тақтасындағы LAN белгішесіне нұсқаңыз, содан кейін [Желі және ортақтасу орталығын ашу] тармағын таңдау үшін тінтуірдің оң жақ түймешігін басыңыз.
  2. [Адаптердің параметрлерін өзгерту] тармағын таңдаңыз.
  3. Ашылмалы мәзірден [Сипаттар] тармағын таңдау үшін [Ethernet] тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
  4. «Ethernet сипаттары» терезесінде [Желілер] қойындысын таңдаңыз және [IP 4 нұсқасы (TCP/IPv4)] құсбелгісін қойыңыз. Содан кейін, жалғастыру үшін [Сипаттар] тармағын басыңыз.
  5. [Жалпы] қойындысын таңдаңыз, [IP мекенжайын автоматты түрде алу] және [DNS серверінің мекенжайын автоматты түрде алу] тармақтарын басыңыз. Содан кейін, [OK] түймесін басыңыз.





6. [Желі және ортақтасу орталығы] тармағын қайтадан ашу үшін 1-қадамды қайталаңыз. [Желілік параметрлерді өзгерту] тармағында [Жаңа қосылым немесе желі орнату] пәрменін таңдаңыз.
7. [Интернетке қосылу] пәрменін таңдаңыз, содан кейін [Келесі] түймесін басыңыз.
8. [Жылдамдығы жоғары (PPPoE)] тармағын басыңыз.
9. «Пайдаланушы аты», «Құпия сөз» және «Қосылым атауы» өрістерін толтырады. Содан кейін [Қосылу] түймесін басыңыз.




Set Up a Connection or Network
Choose a connection option
Connect to the Internet
Set up a broadband or dial-up connection to the Internet.
7
Set up a new network
Set up a new router or access point.
Manually connect to a wireless network
Connect to a hidden network or create a new wireless profile.
Connect to a workplace
Set up a dial-up or VPN connection to your workplace.
Next
Cancel


Connect to the Internet
How do you want to connect?
Broadband (PPPoE)
Connect using DSL or cable that requires a user name and password.
8
Show connection options that this computer is not set up to use
Cancel


9
Connect to the Internet
Type the information from your Internet service provider (ISP)
User name:
[Name your ISP gave you]
Password:
[Password your ISP gave you]
Show characters
Remember this password
Connection name:
Broadband Connection
Allow other people to use this connection
This option allows anyone with access to this computer to use this connection.
I don't have an ISP
Connect
Cancel

- Статикалық IP интернет қосылымын орнату

1. [Динамикалық IP/PPPoE қосылымын орнату] тармағындағы алдыңғы 1-4 қадамдарын орындаңыз.
2. [Жалпы] қойындысын таңдаңыз, сөйтіп [Келесі IP мекенжайын пайдалану] және [Келесі DNS сервер мекенжайларын пайдалану] тармақтарын басыңыз. Сізден IP мекенжайын, ішкі желі маскасын және әдепкі шлюзді бос орында енгізу сұралады, содан кейін [OK] түймесін басыңыз.



Bluetooth қосылымын орнату әдісі

Bluetooth арқылы жұптастыру — екі Bluetooth қолдайтын құрылғы бір бірімен орнатылған қосылым арқылы байланысатын процесс.

Bluetooth қосылымын белсендіру

- Ұшақ режимін өшіру

  Bluetooth қосылымын белсендіру алдында Ұшақ режимін өшіру үшін алдыңғы Wireless LAN бөлімін қараңыз.

- Bluetooth құрылғыларын жұптастыру

  Жұмыс үстеліне өтіңіз. (Win 8 бастау экранында болсаңыз, **Жұмыс үстелін** іске қосыңыз.)

  1. Жүгіргіні экранның төменгі оң жақ бұрышына нұсқап тапсырмалар тақтасын шығарыңыз, содан кейін [Параметрлер] тармағын басыңыз.
  2. [Компьютер параметрлерін өзгерту] тармағын таңдаңыз.



3. Компьютер параметрлері тізімінде «ДК және құрылғылар» тармағын басыңыз.
4. Қосылымдар тізімінде қажет Bluetooth құрылғысын таңдаңыз, содан кейін жалғастыру үшін [Жұптастыру] түймесін басыңыз.
5. Ноутбук және таңдалған Bluetooth құрылғысы арасында құпия кодты сәйкестендіріңіз, аяқтау үшін [иә] түймесін басыңыз.



Сыртқы құрылғыларды қосу әдісі

Бұл ноутбук USB, HDMI, DisplayPort және mini DisplayPort сияқты әр түрлі қосу К/Ш (кіріс/шығыс) порттарымен жабдықталуы мүмкін. Пайдаланушылар ноутбукке әр түрлі перифериялық құрылғыларды қоса алады.

Бұл құрылғыларды қосу үшін алдымен әрбір құрылғының пайдалану нұсқаулықтарын қараңыз, содан кейін құрылғыны ноутбукке қосыңыз. Бұл ноутбук қосылған сыртқы құрылғыларды автоматты түрде анықтай алады және құрылғылар анықталмаса, жаңа құрылғыларды қосу үшін [Бастау мәзірі / Басқару тақтасы / Аппараттық құралдар және дыбыс / Құрылғы қосу] тармағына өту арқылы құрылғыларды қолмен қосыңыз.





Бірнеше мониторды пайдалану әдісі

Пайдаланушылар ноутбукке қосымша мониторды қосса, жүйе қосылған сыртқы мониторды автоматты түрде анықтайды. Пайдаланушыларға дисплей параметрлерін теңшеуге рұқсат етіледі.

1. Мониторды ноутбукке қосыңыз.
2. Windows пернесін басып тұрыңыз, содан кейін [P] пернесін басып, [Дисплей параметрлері] терезесін шығарыңыз.
3. Қажет режимді таңдау
   - Тек ДК экраны: жұмыс үстелін тек ноутбук мониторында көрсетеді.
   - Көшірме жасау: жұмыс үстелі ноутбук мониторында және қосылған сыртқы монитордa көрсетіледі.
   - Кеңейту: жұмыс үстелін қосылған мониторлардың барлығына кеңейтеді. Бұл опция пайдаланушылар жұмыс үстелі аумағын көбейткісі келсе пайдалы.
   - Тек екінші экран: жұмыс үстелін тек қосылған сыртқы монитордa көрсетеді.

RAID функциясын пайдалану әдісі

Бұл ноутбук әр түрлі деңгейлердегі RAID технологиясын қолдауы мүмкін. RAID пайдаланушыларға деректерді бірнеше қатты дискіде немесе тұтас күйдегі дискіде сақтауға мүмкіндік береді. Қосымша және дұрыс ақпарат алу үшін жергілікті дилерге хабарласыңыз және қолдау көрсетілетін RAID функциялары пайдаланушылар сатып алған үлгілерге байланысты өзгеріп отыруы мүмкін екенін ескеріңіз.

RAID параметрлерін орнату үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

1. Ноутбук орамында бірге келетін Recovery Image Backup Tool бағдарламасымен қалпына келтіру дискін жасаңыз. Пайдаланушылар BurnRecovery төте жолын Бастау экранында немесе Windows жұмыс үстелінде таба алады.
2. SSD дискілерін немесе HDD дискілерін бірдей сыйымдылықпен және брендпен жинаңыз. SSD дискілерін немесе HDD дискілерін жинау үшін дұрыс дағдыларыңыз болуы керек, я болмаса, қосымша көмек алу үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласа аласыз.
3. BIOS бетіне өтіңіз, «Кеңейтілген» қойындысында SATA режимі ретінде [RAID] режимін таңдаңыз, және «Жүктеу» қойындысында жүктеу режимі ретінде [Бұрынғы] режимін таңдаңыз.
4. Мына беттегі нұсқау бейнені көріңіз: https://www.youtube.com/watch?v=ArvWkGG_yu8&index=2&list=PLTPGJNsY3U4wiHm-QI989ved86Mq0Wi4o

YouTube youku

Операциялық жүйені орнату кезінде BIOS ішінде жүктеу режимін таңдау әдісі

1. Жүйенің қуатын қосыңыз. Бірінші логотип экраны көрсетілгенде DEL пернесін бірден басыңыз және BIOS мәзіріне кіріңіз.
2. Жүгіргіні [Жүктеу] қойындысына жылжытыңыз, сөйтіп «Жүктеу конфигурациясы» ішінде [Жүктеу режимін таңдау] пәрменін таңдаңыз.
3. UEFI негізіндегі BIOS үшін қолдау көрсететін операциялық жүйелерде (Windows 8 және Windows 8.1) [UEFI] режимін таңдау ұсынылады.
4. Windows 7 немесе алдыңғы Windows нұсқалары үшін [Бұрынғы] режимін таңдаңыз.





Қалпына келтіру бөлімін пайдалану әдісі

Жүйені қажет болған жағдайда өндірушінің әдепкі параметрлеріне қалпына келтіру бойынша нұсқау видеосын https://www.youtube.com/watch?v=zDZAKvmoMcA веб-торабынан қараңыз.

YouTube youku

Негізгі құрамдастар қайда

Бұл бөлімде сіз ноутбук ішіндегі негізгі бөліктер туралы ақпаратты табасыз, сатып алынған үлгіге байланысты кейбіреулерінің деңгейін көтеру немесе ауыстыру мүмкін болуы мүмкін.

Құрылғының деңгейін өзіңіз көтеруге тырыспаңыз, өйткені рұқсат етілмеген ауыстырулар кепілдік күшін жоюы мүмкін. Қызмет көрсетілуі үшін жергілікті өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

1. HDD
2. Жад
3. M.2 SSD
4. Bluetooth/ WiFi combo картасы
5. ODD





ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫНА ҚОСЫМША

1.	**Құрылғы**	Ноутбук (Notebook PC)
2.	**Үлгі**	MS-16J2, MS-1792
3.	**Сауда белгісі**	msi
4.	**Өнім тағайындалуы**	Тасымалданатын дербес компьютер ретінде пайдалану
5.	**Қуат көзі** (*2-тарау: Пайдаланушы нұсқаулығына кіріспеде көрсетілген ақпаратты айқындау*)	Қуат адаптері 1 (қосымша) 120Вт, 19,5В Кіріс параметрлері: 100~240В, 50~60Гц Шығыс параметрлері: 19,5В 6,15А Қуат адаптері 2 (қосымша) 150Вт, 19,5В Кіріс параметрлері: 100~240В, 50~60Гц Шығыс параметрлері: 19,5В 7,7А Жинақтағы қуат адаптерінің түрі ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
6.	**Өндіруші, мекенжайы**	MICRO-STAR INTERNATIONAL CO., LTD. No. 69, Lide Street, Zhonghe District, New Taipei City 235, Taiwan (R.O.C.)
7.	**Өндіруші ел**	Китай
8.	**Өкілетті тұлғаның атауы мен орналасуы**	ЖШҚ «ЭмЭсАй Компьютер» 127273, Мәскеу қ., Березовая аллея, 5а, 7-ғим , 307а кеңсе
9.	**Өкілетті тұлғамен байланысу ақпараты**	Телефон : +7 (495) 981-4509 Факс: +7 (495) 981-4508
10.	**Сәйкестілік белгісі**	EAC

11.	**Қауіпсіз пайдалану ережелері мен жағдайлары**	Пайдаланушы нұсқаулығының «Кіріспе» 1-тарауының «Ноутбукты қауіпсіз пайдалану»* бөлімінде және «Жұмысты бастау» 3-тарауының «Ноутбукпен жұмыс істеу бойынша кеңестер» бөлімінде көрсетілген. *Пайдаланушы нұсқаулығында келтірілген ақпаратты анықтау: ноутбук ішінде пайдаланушы тарапынан ауыстырыла алмайтын шығарылмайтын батарея пайдаланылған.
12.	**Құрастыру ережелері мен жағдайлары**	**Айнымалы ток желісінен қуаттандыру** ▪ Компьютерді алғаш рет пайдалану кезінде желілік адаптерді жалғап, электр желісінің қуатын пайдалану ұсынылады. ▪ Электр желісіне жалғанған қуат адаптерін қосқан кезде батарея зарядталады. ▪ Назар аударыңыз, жинақтағы қуат адаптері ноутбукпен бірге пайдалану үшін мақұлданған. ▪ Өндіруші тарапынан мақұлданбаған басқа адаптер түрлерін пайдалану ноутбук пен оған жалғанған құрылғылардың зақымдалуына әкелуі мүмкін. ▪ Қуат адаптерін жаппаңыз және оның үстіне басқа заттарды қоймаңыз – ол пайдалану барысында қызады. ▪ Қуат адаптерінің жұмыс барысында қызатынын есіңізде сақтаңыз. **Батареядан қуаттандыру** ▪ Ноутбук сыйымдылығы жоғары литий-ондық батареямен жабдықталған. Аккумуляторлы литий-иондық батареясы ноутбуктың ішкі қуат көзі болып табылады. ▪ Ноутбук батареясы шығарылмайды және пайдаланушы тарапынан ауыстырыла алмайды.

13.	**Сақтау ережелері мен жағдайлары** (*Пайдаланушы нұсқаулығында берілген ақпаратты айқындау*)	▪ Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты мұқият әрі толық оқып шығыңыз. ▪ Құрылғы және пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық сақтандырулар мен ескертулерді ескеру қажет. ▪ Құрылғыны жоғары ылғалдылық пен жоғары температуралардың ісерінен қорғаңыз. ▪ Құрылғыны теңшеудің алдында оны тұрақты бетке орнатыңыз. ▪ Құрылғыдағы саңылаулар ауа конвекциясын қамтамасыз етеді және құрылғыны қызып кетуден қорғайды. Бұл саңылауларды бөгемеңіз. ▪ Қоршаған орта температурасы 60^{O}C (140^{O}F) жоғары немесе 0^{O}C (32^{O}F) төмен болса, оны қараусыз қалдырмаңыз. ▪ Бұл құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін. ▪ Жұмыс істейтін құрылғының орта температурасы 35^{O}C (95^{O}F) артық болмауы тиіс. ▪ Құрылғыны қуат розеткасына қосудың алдында қуат кернеуі қауіпсіз ауқымда және 100~240В аралығында екендігіне көз жеткізіңіз. ▪ Модульдер мен кеңейту карталарының қосылу жағдайында қуат кабелін әрқашан электр розеткасынан ажыратыңыз. ▪ Батареяны әрқашан ажыратыңыз, қуат кабелін электр розеткасынан өшіріңіз немесе құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса оны толығымен токтан ажыратыңыз. ▪ Бұл электр қуатының үнемделуіне мүмкіндік береді. ▪ Құрылғы үстіне сұйықтықты түгуге тыйым салынған, бұл оның зақымдалуына және электр тогымен соғылуына әкелуі мүмкін. ▪ Қуат кабелін адамдар үстінен баспайтындай орналастырыңыз. ▪ Қуат кабеліне ешқандай құралдарды қоймаңыз.
14.	**Тасымалдау ережелері мен жағдайлары**	Құрылғыны тасымалдау тек зауыттық қаптамада кез келген көлік түрімен, ешбір қашықтық шектеулерінсіз рұқсат етіледі.
15.	**Сату ережелері мен жағдайлары**	Шектеулер жоқ
16.	**Жою ережелері мен жағдайлары** (*Пайдалану нұсқаулығының 1-тарауы; Кіріспеде берілген ақпаратты айқындау*)	Құрылғының қызметтік мерзімі аяқталған соң, құрылғыны жою туралы ақпаратты алу үшін, MSI қызмет орталығымен хабарласыңыз.

17.	**Құрылғы ақаулығының анықталуы жағдайында**	Ақаулық анықталған жағдайда: 1.Ноутбукты өшіріңіз 2.Қуат адаптерін өшіріңіз 3.Құрылғыны қосыңыз
18.	**Құрылғының өндіру айы мен жылы**	Өндіру күні қаптама қорабының жапсырмасында көрсетілген
19.	**Жеткізілетін жинақ** (*Пайдалану нұсқаулығының өнімімен танысу 2-тарауы: Кіріспеде берілген ақпаратты айқындау*)	Жеткізілетін жинақ: ▪ Ноутбук ▪ Батарея ▪ Айнымалы ток қуатының адаптері және қуат кабелі ▪ Орнату дискісі(қосымша) ▪ Kaspersky вирусқа қарсы бағдарламалық жасақтамасының дискісі (қосымша) ▪ Ойын дискісі (қосымша) ▪ Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы ▪ F3 пернесінің көмегімен ноутбук бағдарламалық жасақтамасын қалпына келтіру бойынша қысқаша нұсқаулығы ▪ Пайдаланушы нұсқаулығы ▪ Windows 8.1 қысқаша нұсқаулығы (қосымша) ▪ Кепілдік талоны ▪ Кепілдік кітапшасы ▪ Ноутбукқа арналған қорғағыш қаптама (қосымша) Өндіруші жеткізілетін жинаққа сәл өзгеріс енгізуге құқылы. Жеткізілетін жинақтың құрамын жергілікті жеткізушіден және (немесе) сатушыдан анықтап алыңыз

Құрметті пайдаланушы!

msi **ноутбугын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз**